



ЭСТЕТИКА

Негізгі эстетикалық категориялар





Негізгі эстетикалық категориялар

1. Әсемдік – эстетиканың түбірлік категориясы
 2. Эстетика тарихындағы әсемдік
- Ежелгі мысырлықтар
Натурфилософтар
Пифагоршылар
Атомшылар: Левкипп және Демокрит
Сократқа дейінгілер. Сократ (б. д. V ғ.)
Платон (шамамен б. э. дейінгі 428-347)
Аристотельдың (б. з. д. 384-322)
Орта ғасырлар
Қайта Өрлеу Гуманистері
Классицизм эстетикасы
Француз ағартушыларының эстетикасы (XVIII ғ.)
И. Кант (1724-1804)
Ф. Шиллер (1759-1805)
Г.В.Ф. Гегель (1770-1831) Киелі Рухтың жалпы әлемдік қозғалысы кезеңдерінің бірі
XIX-XX ғ. аяғындағы батысеуропалық эстетика.

1. Әсемдік – эстетиканың түбірлік категориясы

Эстетиканың негізгі категорияларының бірі – әсемдік. Оны, ең кең түсініктемесінде, кемел үйлесімділік деп қарастыруға болатындығын профессор Ақтолқын Құлсариева өз зерттеулерінде атап өтеді. Әсемдік – материалдық және рухани дүниенің адамды ләззатқа бөлейтін сипаты. Эстетикалық ұғым ретіндегі әсемдік әдемілікпен тектес. Бірақ әдемілік объектілердің сыртқы ішкі қырларын бірдей қамтыса, әсемдік құбылыстардың сыртқы көзге түсетін және пішіндік ерекшеліктерін эстетикалық тұрғыдан қабылдауға жатады. Әсемдік ең алдымен, тепе-теңдік, тұтастық, үйлесімділік, ырғақтылық, мақсатқа сәйкестілік, түс пен жарықтың белгілі бір мөлшері тағы да басқа табиғи өлшемдерін эстетикалық түйсінуде адамның сезім мүшелерімен қатар, оның ішкі түйсігі мен ақыл-парасаты ерекше рөл атқарады. Осы ретте, моральдық және өмірлік құндылықтарға байланысты әсемдіктің қатынасына қатысты мәселе туындайтындығын ескеру қажет. Тарихи тұрғыда талқыласақ, әсемдік ең басында сыртқы сұлулықты сипаттаумен шектелген, демек, сыртқы кейіптің әсері бағаланған, бірақ уақыт өте келе адамның ішкі жан-дүниесімен тепе-теңдіктің қажеттілігі айшықталды. Пішіннің сыртқы әсемдігі оның ішкі мазмұнымен сәйкес келмеуі мүмкін. «Жылтырағанның бәрі әдемі емес» екендігін естен шығармауымыз керек. Керісінше, сыртқы сұрықсыздық астарында жоғары жан сұлулығы жатуы ықтимал. Ізгілік пен жылылықтан алыс әсемдік кейіпне ежелгі қазақ аңыздарындағы Пері қызы, грек мифологиясындағы Нарцисс бейнелері жатады. Әсемдікті рухани сұлулықтан алшақтатып жіберген дұрыс емес. Өмір мен өнерді – әсемдік – рухани қуаныш пен ләззатқа бөлей отырып, қоғамда зор танымдық және тәрбиелік рөл атқарады.

Жалпы алғанда, адам дүниені әсемдік үлгісінде қайта құруға ұмтылады. Адамның сыртқы бейнесі де, киім үлгісі де, жан дүниесі де, ой тұжырымы да әсем болуы керек. Адамның әсем тұлға мұратына ұмтылыс жасауына қай халықтың өмірінде болмасын аса зор көңіл бөлінген. Мәселен, қазақтар киелі әйел-құдай Ұмайды өте әсем, қайырымды, қолында балаларды қорғайтын алтын садағы бар жас келіншек немесе қыз ретінде таныған.

Профессор Бәтiш Қазыханова: «Эстетикалық тәрбие көзі – алуан-алуан. Ең алдымен, біздің бүгінгі бақытты өміріміздің өзі ұлы мұхит тәрізді үлкен әсемдік әлемі десек жараспай ма? Бізде бәрі де әсем. Өңгіме жақсыға ұмтылу, жақсыны көре білу, содан сезініп ләззат ала білуде» деп адамның күнделікті күйбең тіршілігінің өзі әсемдікке ұмтылудан тұратындығын көрсетеді.

Осы ретте, Юрий Боров те эстетика тарихындағы әсемдік категориясын талдау арқылы адамзат тарихында бұл феноменнің қаншалықты ерекше маңызға ие екендігін танытады.

Ал, Теодор Адорно бойынша әсемдік бейнесі табиғат күштерінің алдындағы қорқыныштан босаған кезде пайда болады.

2. Эстетика тарихындағы әсемдік туралы айтатын болсақ, әсемдік құпиясы адамзатты ғасырлар бойы мазалады. Тарихымызда ол туралы көптеген пікірлер айтылды. Зерттеуші Алия Әлімжанова: «Әсемдік,



эстетикалық құндылық ретінде адамзат мәдениетінің тарихында терең теориялық талдаудан өткендігін» атап өтеді. Осының бір дәлелі ретінде Юрий Боров өзінің «Эстетика» оқулығында айқындылық басым болу үшін эстетика категорияларының теориялық негізін құрушы әр кезеңдегі бірқатар ғалымдардың көзқарасын ұсынады.

Ежелгі өркениеттер ежелгі халықтардың эстетикалық көзқарастары көрсетілген ескерткіштерді қалдырды. Мәселен, Шумерлер б. з. д. XXV ғ.-да жазуды білген. «Жаз және қыс, немесе Энлиль диканшылдардың қамқоршысы – Құдайды таңдайды» мәтінінде адамзат тарихындағы алғашқы даудың көркемдік пен пайдалының қарым-қатынасы екендігі айтылған. Ауа құдайы Энлиль жерде екі ағайындыларды жаратты: Эмеш – жаз мезгілі және Эnten – қыс мезгілі. Ағалары екеуінің қайсысы әдемі деп өзара таласады. Олардың дауын Энлиль: «Араларындағы ең пайдалысы – көркем болғаны» деп шешіп берді.

Ал, Ежелгі мысырлықтар: көркемдік – өмірдің жаратылысы, бар жақсылықтың негізі. Көркемдік – бұл өмірдің өзі деп атап көрсеткен. Ежелгі халықтардың әлемге деген қатынасы тұтастықты сақтап қалды, ал эстетикалық қызығушылық дербес салаға бөлінбеді.

Натурфилософтардың есептеуінше, көркемдік ол ғарышты жетілдіру, жалпы үйлесімділікке толы дүние.

Пифагоршылар әсемдік ұғымын әлемнің жалпы көрінісімен, яғни, үйлесімді ғарыш және моральдық-діни құндылықтарға сәйкес өз философиясының әділдігіне, игіліктің ұғымына сәйкес байланыстырады. Олар қарама-қайшылықтардың жұптарын анықтайды: шек пен шетсіз, бірлік пен сан, оң және сол, еркек пен әйел, тыныштық пен қозғалыс, тік және қисық, жарық пен түнек, жақсылық пен зұлымдық, шаршы және тіктөртбұрыш деп өз ілімдеріне сәйкес тұжырым ұсынады.

Гераклит ғаламының концепциясы диалектикалық және әлемнің эстетикалық бейнесін қамтиды және де мұнда философия мен эстетика бірлікте болады: көркемдік ол мәңгі өзгеретін және жаңаратын, ал үйлесімділік ол динамикалық тепе-теңдік. Гераклит дүниетанымының орталық бейнесі – өмір қайтадан пайда болатын күлге айналатын, өмір сүретін от. Ол – мәңгілік өмір мен жаңа пішіндегі күлден мәңгілік жаңару сұлулығы. Қарама-қайшылық – үйлесім жасаушы және әдемі болу шартты деген ойын айтады.

Атомшылар Левкипп және Демокрит өздерінің атомдық ілімін гносеологияға, этика мен эстетикаға таратады. Демокрит адамның игілігін оның мейірімділігінен көрді. Демокрит алғаш рет өлшем, шек категориясын ұсынды және гедонистік тұжырымдаманы дамытады: ләззат ала өмір сүру керек, бірақ «кез келген ләззатты оның жай ғана көркем болғаны үшін алуға ұмтылуға болмайды». Кейінірек Аристотель «өлшем» категориясын жасады.

Сократқа дейінгілер сұлулықты әлемнің сапасы деп таныды. Сократ (б. д. V ғ.) тарихтағы ең алғашқылардың бірі болып «Әсемдіктің табиғаты мен мәні қандай?» деген сұраққа толық жауап беруге тырысады. Ол тек «не көркем?» деген сұраққа ғана емес, бірақ «көркем не нәрсе бар?» деген сұраққа да жауап тапқысы келді. Сократ алғаш рет әсемдік түсінігін аралас ұғымдармен салыстыру арқылы анықтауға тырысты. Сократ көркемдік – пайдалылық деп санайды.

Ал, Платон болса көркемдікті бұл жерде мәңгілік идея ретінде көреді. Көркемдіктің мұндай түсінігі Платонның философиялық концепциясынан туындайды, ол сезімдік заттар – идеялардың көлеңкелері деп тұжырымдайды. Идеялар – шынайы болмысты құрайтын өзгермейтін рухани мәндер. Платон бойынша, адам әсемдік идеясын тек жақсы күйде таниды. Платон эстетикалық категорияны болмыс пен танымның философиялық категорияларымен және игіліктің этикалық категориясымен байланыстырды.

Аристотель (б. з. д. 384-322), Платонға қарағанда, көркемдікті объективті идея емес, құбылыстардың объективті сапасы деп баяндады. Аристотель мұнда көркемдікке құрылымдық сипаттама береді. Әсемдік ол тым үлкен емес және тым кішкентай емес. «Әлем ол көркем» - бұл тезис антикалық эстетиканың бүкіл тарихы арқылы өтті.

Ал енді Орта ғасырларда көркемдіктің Құдайдан шығу тегі жайлы тұжырымдама үстемдік етті (Тертуллиан, Франциск Ассизский): қиғаш материяны жандандыра отырып, оған эстетикалық қасиеттер береді; заттың сұлулығы оның Құдайымен рухтандырылған. Сезімтал көркемдік арқылы рахаттану – күнә. Ортағасырлық эстетика осындай аскетты болған.

Шіркеу әкесі Әулие Августин (354-430) үшін жеке кемшіліктерге қарамастан, жалпы әлем – көркем. Әлемнің сұлулығы Құдайға бағытталған. Өнерден алынатын эстетикалық әсер Құдайдың идеясына негізделген. Августин рахаттану мүмкіндігін жоққа шығарады. Августин үшін өнердің діни пайдасыз өмір сүруі мүмкін емес. «Құдайды әр қилы жаратылыстар қуантады, өйткені оның мәніне сәйкес жаратылыс бар», - деп нақты әлемнің сұлулығын Фома Аквинский (1225-1274) айтқан. Көркемдік –



адамның жоғары сезімдерімен (көру және есту) қабылданатын форма. Ол бізге тікелей әсер ететін ресми элементтермен (тұтастық, пропорция, үйлесім, айқындылық) байланысты. Көркемдік адамның қалауларын тыныштандырады және оның өз мақсатына жетуіне ықпал етеді.

Қайта өрлеу гуманистері табиғаттың сұлулығын және оны қабылдау қуанышын бекітті. Қайта өрлеу эстетикасы антикалық дәстүрлерді жалғастырады; көркемдік адамгершілік және әділдікпен анықталады. Сыртқы сұлулық – мейірімді атрибут болып саналады. Лука Пачиолио көркемдік нормасын ұсынады. Көркемдік үлгісі – адам, оның тәні. Томазо Кампанелла үшін көркемдік – жақсылықтың белгісі, ал зұлымдық – нағыз сұрықсыздық. Леонардо да Винчи заттардың ең көркем пропорциясын ойлады. Ренессанс эстетикасы гуманизм және өмірлік шындықты іздеу арқылы енді: Шекспир бойынша, өнер ол суретшінің табиғат алдында ұстайтын айнасы. Осылайша, көркемдік пен шындықтың байланысы болды.

Классицизм эстетикасы өз әсемдігімен ерекшеленді: көркемдік биязылықпен анықталады: табиғат өзінің гүлдеуі мен буырқануымен ғана көркем емес. Өнерде тіпті сұрықсыздық та көркем көрінеді. Өйткені, табиғат сұлулығына еліктеу – өнердің басты мақсаты

Француз ағартушыларының эстетикасы (XVIII ғ.) – көркемдік теориясының дамуының маңызды кезеңі. Вольтер (1694-1778) адамның көркемдік туралы түсініктерінің салыстырмалығын бекітті: мәселен, егер құрбақадан көркемдікті сұраса, онда ол үшін нағыз сұлулықтың көрінісі — басқа құрбақа болар еді деген мысалмен түсіндіргісі келді.

Француз ағартушылары үшін көркемдік – табиғаттың өз қасиеті, салмағы, түсі, көлемі сияқты. Дени Дидро (1713-1784) көркемдікті екі түрге бөлді: 1) адам пайда болғанға дейін және одан кейін болатын нақты, объективті көркемдік; 2) тек адам үшін бар салыстырмалы көркемдік. Дидро осылайша көркемдікті мейірімділікпен, эстетиканы этикамен теңестірді.

Александр Баумгартен (1714-1762) көркемдікті объективті құбылыстардың көрінісі ретінде емес, философиялық танымның сезімтал түрінің көрінісі ретінде қарады. Баумгартен эстетика саласын табиғатта көркем таныммен шектеді, яғни рухты тудыру ретінде түсіндірген. Ал антикалық өнердің апологеті Иоган Винкельман (1717-1768) санаған идеал көркемдік сызықпен өрнектеледі. Ол көркемдікті табиғи қасиеттерімен, ырғағымен, түсімен, симметриясымен таныстырды. Винкельман үшін көркемдік – мақсат және өнер орталығы. Талғампаздық қасиет тәрбие мен білімді дамытатын сезімге ие.

Неміс классикалық философиясының өкілі Иммануил Кант (1724-1804) көркемдікті қызықсыз қарым-қатынастың объектісі ретінде, яғни, адамның көркемдікке таза жетілген және тәжірибелік емес қарым-қатынасы ретінде түсіндірген.

Иоганн Гердер (1729-1781) табиғаттың әмбебап заңын қалыптастырды: заттың қасиеттері, оның ішкі жетілуі мен сұлулығы ондағы күштің пропорциясына байланысты, ал бұзылған пропорция қалпына келтірілуге ұмтылады. Бұл заңға табиғи зат бағынады, ол қолданыстағы күштердің тұтас жүйесі. Мұндай жүйені адам және адам қоғамы және әрбір ұлт, ақырында, барлық адамзат өкілдік етеді. Гердер бойынша, әсемдік – ізгілік идеясының сыртқы көрінісі.

Фридрих Шиллер (1759-1805) былай дейді: көркемдік – бұл еркіндік, яғни, заңдармен келісушілік; оларға тән заңдар бойынша құбылыстардың еш кедергісіз дамуы; Көркемдік негізі — қарапайымдылық; табиғи жетілдіру. Шиллер көркемдікті көркем бейнеден ажыратады. Табиғатта көрінбейтін нәрсе – өнерде көркем болуы, көркем бейне мүмкін.

Немістің ұлы ойшылы Георг Вильгельм Фридрих Гегель (1770-1831) рухтың жалпы әлемдік қозғалысының (абсолюттік идея) кезеңдерінің бірін әсемдік деп таныды. Классикалық өнер дәуірінде (ежелгі Греция) рух өзінің дамуында материалдық формамен үйлесімді бірлікті алып, оның толық және барабар өрнегін табады және бұл – әсемдік. Гегель бойынша, шын мәнінде, адам ағзасы және рухани әлем ағзасы (отбасы, мемлекет) табиғатта тамаша шектеулі және, әрине, ол – идеяны іске асырудың барабар емес түрі, өйткені идея өз ішінде шексіз және еркін. Идеясы ең толық көрінген зат қана әсем. Гегель бойынша әсемдік – бірлік түрінде идеяның сезімдік көрінісі; жақсылық – ерекшелік түрінде, ал шындық – жалпыға ортақ идея түрінде көрінеді.

Батысеуропалық эстетика XIX-XX ғғ. аяғының батысеуропалық эстетикасына сәйкес адам қабылдау үдерісінде эстетикалық бейтарап әлемді жандандырады және оны көркемдікті сәулелендіруге мәжбүрлейді. Негізінде, «табиғат әсемдік пен сұрықсыздықтың ар жағында жатыр», ол «эстетиканың тысында» сияқты «логика мен моральдың да тысында». Себебі табиғатқа сұлулық енгізетін – адам деген қотырындыға келеді.

Жалпы, әсемдік категориясына қатысты зерттеулерді қарастыратын болсақ, эстетика саласындағы ғалымдардың көзқарасы әр түрлі. Мәселен, Юрий Боров мәдениет тарихындағы идеялармен түсіндірсе,



Николай Гартманның ыңғайы мүлдем бөлек. Гартман үшін табиғат пен адам әлеміндегі әсемдіктің көрінісі маңызды. Ол тірі адамды әсем зат ретінде көріп, адам әсемдігін құбылыс деп қарастырады. Арықарай, моральдық және өмірлік құндылықтарға қатысты әсемдік сарапталады да, тек жеке адам емес, адамзаттың өкілі ретіндегі де адамның типтік құбылысы талданады. Гартманның әсемдікті қарастырудағы ерекше бөлігі, адамның сыртқы көрінісі ғана емес, көптеген адамдардың бірлесе өмір сүруінің барысында бір-бірімен кездесулері мен қақтығыстарында «көрінетін» тұстары. Демек, адамдар арасындағы қарым-қатынаста ішкі жан дүниенің әсемдігі көрініс береді. Сонымен қатар, зерттеуші, табиғаттағы әсемдікке де көңіл бөледі. Онда тіршілік иесінің әсемдігі, динамикалық құрылымдағы әсемдік, ландшафт және оған жақын түрлердің әсемдігі, табиғат пен өнер әсемдігі сөз болады. Мұнымен қоса, Гартман, табиғаттағы әсемдік метафизикасы туралы сұрақты да қозғайды. Оның аясында табиғаттағы формалды әсемдік, немқұрайдылық, тыныштық, бейсаналық, кемелдік, сенімділік, тәуелділік, табиғат туындысы және өнер өнімі мәселелері қозғалады.

Әсемдік категориясының жан-жақты әрі әр түрлі қырынан қарастырылуы, бұл мәселенің эстетика ғылымы үшін маңызды екендігін көрсетті.

Осы ретте Юрий Боровтың өзіндік зерттеулерінің тағы да бір көрінісі ретінде әсемдіктің адам өміріндегі түрлі салалары мен әсемдікке сипаттама беруі болса керек. Оларға тоқталатын болсақ:

1. Әсемдік және пайдалылық.

Адам әсемділікпен әдеттегі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін ләззат алмайды (айталық, аштық сезімін басу). Эстетикалық қабылдау кезінде адамда оның тікелей қажеттіліктері қанағаттанған кезде және әдетте тікелей пайдаға байланысты емес қоғамдық мүдделердің күрделі желісі қалыптасқанда туындайтын жоғары мүдделілік бар.

2. Әсемдік және симметрия.

Симметрия – әлемнің іргелі қасиеті – жануарлар мен адамның денесінің құрылысында, ағаш жапырағында да қайталанады. Әлемді игере отырып, адамдар өз қызметін оның қасиеттерімен түсінеді, осы қызметтің арқасында еркіндік аясына шыға алады.

3. Әсемдік және адам қызметі.

Адам қызметінің аясын кеңейте отырып, эстетикалық құндылықтар аясы да кеңеюде. Адам табиғатты, өзін және қоғамды эстетикалық қабылдап, бағалай бастайды. Адам өз қызметі барысында сұлулық заңдарын анықтайды және белгілі мағынада жасайды.

4. Өлшем.

Өлшем – дүниені игеру процесінде анықталатын заттың адамға қызмет ету қабілеті. Өлшем – жалпыадамзаттық мүдделерді бейнелейтін заттың табиғи ерекшеліктері мен адамның тарихи негізделген қажеттіліктерінің қиылысуы. Өлшем – заттың табиғи қасиеттерінің адам тұмысын білдіретін тарихи мән ретінде адамның қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкестігі.

5. Табиғаттағы әсемдік.

Әсемдік объективті және жеке тұлғаның қабылдауына емес, заттың нақты жалпы құндылығына байланысты. Әсемдік жалпы – бұл қоршаған ортаны адам мүдделеріне тартатын және әрбір затты адамзатқа белгілі бір қатынастыққа қоятын адамдардың қызметіне негізделген эстетикалық қасиет. Табиғаттағы әсемдік – затты еркін иелену саласы (оны тану, меңгеру, дайындау қабілеті), өнерде, спортта — шеберлікті еркін меңгеру саласы. Әсемдік – жалпыадамзаттық құндылық, адамның тектік және еркіндік саласы ретіндегі заттың құндылығы.

6. Қоғамдағы әсемдік.

Эстетикалық қасиеттер объективті, қабылдауға байланысты емес, қоғамдық мәні бар, оң құндылық пен еркіндік саласы болып табылады. Қоғамдық өмірдегі әсемдік – саяси және әлеуметтік еркіндік саласы.

7. Өнердегі әсемдік.

Өнер – әсемдік заңы бойынша әлемді игерудің жоғары түрі. Ол болмыстың барлық әсерлерін әсемдікке өңдейді. Суретші не туралы айтса да, ол мейлі қайғылы азап болсын, жоғары ерлік жырлансын, ұқынсыздық немесе комизм болсын, оның туындысы эстетикалық ләззат береді.

Демек, зерттеушінің пайымдауынша әсемдік – адам өмірі мен өнерінің ажырамас бөлігі болып табылады.